

**А. Бөгенбайұлы, 1 курс**  
**Ғылыми жөтекшісі: У.Ш.Шапақ, ұлттық құқық тоғары мектебінің**  
**проректор - директоры, заң ғылымдарының докторы, профессор**  
**(Қазақ гуманитарлық-заң университеті)**

## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАРДЫ ЖАСАУ**

### **ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН САТЫЛАРЫ**

Халықаралық құқық нормалары кез келген қоғам өмірінде маңызды орынға ие болатын жан-жақты және дамыған халықаралық қатынастарды реттейтін, сонымен бірге оның нормаларына өз әсерін тигізетін халықаралық жүйенің ең шешуші компоненті. Ол құқықтың ерекше жүйесі ғана емес, ішкі мемлекеттік құқықтың барлық өзге салаларынан едәуір айырмашылығы бар.

Халықаралық шарттарды жасау дегеніміз — бірнеше жүйелі сатылардан құралатын күрделі процесс. Халықаралық шарттар процесінің теориясында осы процесі техникалық жаққа қарай жатқызу туралы пікірлер қалыптасқан. Халықаралық шарттарды жасау өте күрделі екенін айттық, оның күрделілігін шарт объектілерінің күрделілігімен, қатысушыларының табиғаты мен көлемімен, кейбір жағдайларда саяси жағдайдың жағымсыздығымен түсіндіріледі. Халықаралық шарттарды жасау сатылары әр елде әр түрлі болғанымен, жалпы шығармашылық технологиясы бірдей болып келеді. Мәселен, кеңестік және ресейлік ғалымдардың зерттеулеріне жүгінсек халықаралық шарттарды жасаудың келесі нақты сатылары бар.

**Біріншісі, келіссөздер жүргізуге уәкілетті тұлғаларды тағайындау.** Егер халықаралық шартты халықаралық конференцияларда немесе халықаралық ұйымдарда ұсынуға мемлекет өкілдік берген мемлекет басшылары, үкімет басшылары, сыртқы істер министрлері, дипломатиялық өкілдіктердің басшылары жасайтын болса, онда халықаралық шарттар туралы

1969 ж. Вена Конвенциясының 7-бабының 2-тармағына сәйкес, жоғарыда аталған тұлғалар өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асырғанда шарттық процеске қатысу үшін арнайы өкілеттіктердің берілуін қажет етпейді.

**Екіншісі, уәкілеттерді ұсыну және тексеру.** Конференцияда баяндама ұсынушының өкілеттіктерін тексеру үшін арнайы комитет құрылады. Сонымен қоса, халықаралық құқық теориясында *Credentials* — конференцияны ұйымдастырушылар тарапынан делегаттың сол жиынға немесе конференцияға қатысуын куәландыратын құжат жіберілуі мүмкін. **Үшіншісі, шарттың мәтінін үйлестіру.** Халықаралық шарттың келісілген мәтінін жасау шарт процесіндегі міндетті саты болып табылады. Келіссөздер жүргізу келісілген мәтінді дайындаудың негізгі сатысы болып табылады. **Төртінші саты, шарттың жобасын талқылау және қабылдау.** Бұл процесс дауыс берудің қажетті рәсімі, оның көмегімен мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымдардың өкілетті тұлғалары шарттың мәтінімен келісетіндіктерін білдіреді. **Бесіншісі, шарттың түпнұсқасын жасау (парафирлеу).** Мәтінді үйлестіру мен қабылдау рәсімінен кейін осы мәтінді түпкілікті деп тану және өкілетті тұлғалар тарапынан өзгертілмейтіндей бір тәсілді анықтау қажеттігі туындайды. Шарттың қабылданған мәтіні түпкілікті деп танылатын рәсім аутентификация деп аталады, яғни түпнұсқалығын жасау.

**Алтыншысы, шартқа қол қою.** Халықаралық шарттың өзі үшін міндетті болатындығына мемлекеттің келісім беруінің маңызды тәсілдерінің бірі оған қол қою. Халықаралық шарт жасаудың қазіргі кезең тәжірибесінде шарттың қол қою сатысынан өтпейтін кездері де болады. **Жетінші кезекте, ескертулерді жариялайды.** Шарт жасасудың барлық сатыларында мемлекеттің ескертулер жасау құқығы бар. Ескерту дегеніміз - мемлекеттің кез келген нысанда және кез келген атауда жасайтын бір тарапты жариялауы. Ескертуді өтініштен айыра білу қажет, өтініш келісім беру немесе келіспеуді айту болып есептеледі. Ескерту арқылы мемлекет белгілі бір ережелердің әрекет күшін жояды немесе өзгертеді, алайда шарттың негізгі мазмұны өзгеріссіз қалады.

Америка сенаторы У. Фулбрайт өзінің "A Legislator's Thought\* on World Issues" атты еңбегінде: «Сенат 1904 жылға дейін сексеннен тоқсанға дейін халықаралық шарттарға

өзгерістер мен толықтырулар енгізді, яғни барлық шарттардың үштен бірі толығымен кері қайтарылды. Келесі жиырма бес жылда келіп түскен 58 шарт Сенатпен өзгертілді, ал оның 40 пайызы кері қайтарылды», — деп хабарлайды.

**Сегізінші сатыда, шартты бекітеді.** Бекіту — ратификациялау (ratification және ratus деген латын сөздерінен шыққан — шешілген, бекітілген деген мағынада) шарт процесінің маңызды сатыларының бірі, ол мемлекеттік биліктің жоғары органының халықаралық шартты бекітуін көрсетеді. Бекіту шартқа заңдық күш береді. **Соңғы сатыда, шартты Біріккен Ұлттар Ұйымында тіркейді.** Халықаралық шарттарды тіркеу институты құпия дипломатияны ығыстырып жіберді. Тіркеудің мәні заңды күшіне енген халықаралық шарттардың шарт қатысушылары айқындайтын күзіретті органдарға тіркеуге берілетіндігінде. Халықаралық тәжірибеде жариялау толықтай БҰҰ хатшылығына жүктелген.

Кейбір мемлекеттер, соның ішінде Жаңа Зеландия халықаралық шартты жасамас бұрын міндетті 11 пунктіден құралған **National Interest Analysis** — **Ұлттық Мүдделер Анализын** өткізеді. Мемлекеттің шартқа тарап ретінде кіруінің себебі, оң және кері жақтары, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе біржола шығу мүмкіндігі мұқият қарастырылады. ҰМА Үкіметпен атқарылып, тексеріске Өкілдер Палатасына (House of Representatives) жіберіледі.

Қорытындылай келе, халықаралық құқық шығармашылығы заңнама саласының импресивті бөлігі, ал оның ерекшеліктерін білу арқылы біз оны мемлекеттік құқық шығармашылығынан ажыратуға мүмкіндік аламыз.

Халықаралық құқық пен мемлекеттік құқықтың бір-бірімен араласып, интеграциялану процесі күннен-күнге арта бермек. Демек, глобальдік құқық шығармашылығының заңдылықтары мен ерекшеліктерін білу — қазіргі заман талабы болып табылады.